



# МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№16  
(2187)  
Сенбі  
24 ақпан  
2024 жыл

Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## АУДАН ӘКІМІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XV-ШІ СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезектен тыс XV-ші сессиясы өтті.

Сессияға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, облыстық мәслихаттың депутаты Нұрлан Имандосов, облыстық бағыныстағы мекеме басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері мен әкімдікке қарасты дербес бөлім, мек-

теп, балабақша басшылары, учаскелік полиция инспекторлары, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш төрағалық еткен сессияда 3 мәселе қаралды.

Нақтырақ айтсақ, «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет» шешіміне өзгерістер енгізу туралы аудандық эконо-

номика және қаржы бөлімінің басшысы Әліби Әбиев, Қазалы қаласындағы «Новостройка» көшесін қайта атау туралы Қазалы қаласының әкімі Қайрақбай Орынбасаров, Қазалы ауданын басқару схемасын бекіту туралы аудан әкімі аппаратының басшысы Ринат Тілеп хабарлама жасап, депутаттар тарапынан тиісті шешімдер қабылданды.

Сессия соңында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет бірінші кезекте жолдарды жөндеу, көшелерді жарықтандыру, газдандыру, басқа да өзекті мәселелерді шешу бағытында жұмыс істеліп, халық қалаулыларының айтқан ұсыныс-пікірлеріне байланысты қаржы көздерін қарастырып, бірлесіп жұмыс атқарылатынын жеткізді.

## ЖАУАПКЕРШІЛІК БАР ЖЕРДЕ ЖҰМЫС БАР

Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен алғашқы аппарат мәжілісі өтті. Мәжілісте бірқатар өзекті мәселелер талқыланып, олардың орындалуы сөз болды.

Жиында аудан басшысы «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр аулында салынып жатқан 300 орындық мектеп құрылысы мен аталмыш жоба аясында Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығында

салынатын 600 орындық мектеп құрылысының жерін даярлау, құжаттарын рәсімдеу жұмыстарына аса мән беру қажеттігін айтты.

Сонымен қатар көктем мезгіліндегі Сырдария өзеніндегі су деңгейінің көтерілу қаупі, өзенге жақын орналасқан ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Алтынбек Қалиев пен ауыл әкімдеріне қауіптің алдын алу жұмыстарын

күшейтуді тапсырды.

Мәжілісте аудан басшысы Мейрамбек Зинабдинұлы алда келе жатқан көктемгі санитарлық тазалық және егіске дайындық жұмыстарына да ерте бастан кірісіп, қамдану керектігін айтты.

Жиында мұнан бөлек Мемлекет басшысының, Үкіметтің, облыс әкімі тапсырмаларының аудан деңгейінде мүлтіксіз орындалуы, аудандағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, қоғамдық саяси ахуал, халықтың әл-ауқатын арттыруға

бағытталған түрлі жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Аппарат мәжілісі соңында аудан басшысы алдағы уақытта әрбір салада атқарылып жатқан жұмыстарды өз көзімен көретіндігін жеткізді. Мұнымен қоса барлық кент, қала және ауылдық округ әкімдері мен мекеме-кәсіпорын басшыларына елмен етене араласып, жауапкершілікті сезініп, ортақ абырой мен аудан халқының игілігі үшін адал қызмет жасауға шақырды.

## БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА БОЛУЫ ТИІС

Бүгінгі таңда балаға берілетін сапалы білім мен саналы тәрбие, жасөспірімдер арасындағы орын алып жатқан түрлі құқықбұзушылықтар, сонымен қатар білім беру мекемелерінде балаларға берілетін ыстық тамақтың сапасы өзекті мәселеге айналып отыр.

Осыған орай аудан әкімдігінің мәжіліс залында арнайы жиын өтіп, басқосуға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, облыстық мәслихаттың депутаты Нұрлан Имандосов, аудандық мәслихаттың депутаттары, облыстық бағыныстағы мекеме басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері мен әкімдікке қарасты дербес бөлім басшылары, мектеп директорлары, балабақша меңгерушілері, учаскелік полиция инспекторлары және қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Жиында аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Қуаныш Ерімбетов аудандағы білім беру мекемелерінде тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі жайында хабарлама жасады. Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшы-



сы Гүлвира Мдуарова 2024 жылдың қаңтар айында аудан бойынша 37 мектеп асханаларына жүргізілген зерделеу жұмыстарының нәтижесін ортаға салды.

Б а я н д а м а ш ы л а р д а н кейін аудан әкімі Мейрамбек Зинабдинұлы білім ошақтарындағы ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған оқушылардың ыстық тамақпен қамту мәселесіндегі кемшіліктерге жіті тоқталды.

Мектеп асханаларындағы тазалық мәселесін қатаң сынға алып, кемшіліктердің алдын алу бойынша бірқатар тапсырмалар жүктеді. Осы орайда депу-

таттар, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандары, қоғамдық ұйым өкілдері, атаналар комитеті, мектеп директорлары мен кәсіпкерлер тамақтың сапасына аса мән беріп, мектеп асханаларына зерделеу, қадағалау жұмыстарын тұрақты жүргізу керектігін айтты. Мейрамбек Зинабдинұлы сонымен қатар мектептерді цифрландыру жобасы жайында да сөз қозғады.

Б а с қ о с у д а жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы

аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов баяндама жасады.

Аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет қоғамдық тәртіп пен жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесі тікелей назарында екенін жеткізіп, бұл бағытта білім беру ұйымдары мен құқық қорғау органдары бірлесе жұмыс жасау керектігін айтты. Сондай-ақ, мектеп директорларына полиция бөлімімен бірлесіп, әрбір білім беру ұйымындағы құқықбұзушылыққа бейім балалармен жұмыс істеп, оларды бақылауға алуды, әрбір баламен жеке жұмыс жасауды жүктеді.

Сонымен қатар, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы шаралар мен тәрбие жұмыстарын күшейте түсіп, түнгі рейд жұмыстарын одан әрі жандандыруды тапсырды.

Жиында мұнан бөлек балалар тасымалы кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, оқушыларды тасымалдайтын көлік жүргізушілерінің жауапкершілігі қатаң қадағалануы керектігі де айтылды.

**Қазалы ауданы әкімдігінің  
баспасөз қызметі**

## ТАҒДЫР ТАБЫСТЫРҒАН ЖАС ЖҰБАЙЛАР

Осыдан 4-5 жыл бұрын боз-бала жігіт Ерболат Қожабайұлы қызмет бабымен облыс орталығына барып, жеңіл такси көлігімен Қазалыға қайтып келе жатқан-ды. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» тас жолымен Қармақшы ауданының орталығының тұсынан өткенде таксист жігіт Күмісбек Бөкешов көлік жүрісін тежеп баяулатып келіп тоқтатып:

-Автокөлік аударылып жатыр. Әлгінде ғана бізден озып кеткен «Джип» автокөлігі болмаса нетті, -деп көліктің есігін ашып жерге түсті. Жолаушылармен бірге көліктен сыртқа шыққан Ерболат «Құтқарыңдар» деген әйелдің әлсіз дауысын есіткендей. Әлде түйсікпен солай қабылдады ма дереу аударылып жатқан автокөлікке қарай тұра жүгірді. Автокөлікке жеткенде өзі қатарлы жас жігіт әлсіз қимылдап, «көлікте адам бар» деген сөзді өзгеріп айтты. Ерболат көліктің есігін дереу жұлқа тартқанымен міз бақпады. Машина түтіндеп жатыр. Аса шалт қимылмен машина артына шықты да сынған терезеге кептелген запас шиналарды асығыс сыртқа лақтырып, ашық жерден ішке қолын созып, көмекке зәру жанның киімінен мықтап ұстап, өзіне қарай күшпен тартып алды. Барынша сақтықпен әлсіреген, жараланған адамды сыртқа көтеріп шығарып, қолтығынан демеп, сүйемелдеп көліктен сәл ұзай бергенде автокөлік лап етіп қызыл жалынға оранды. Сәл үлгірмегенде не боларын кім білсін. Құдай сақтап, Ерболаттың, қатты соққы алған бейкүнә жанның да көрер жарығы бар екен, аман қалды. Тез ес жиған жас жігіт құтқарған адамын жанына келген жолаушылардың біріне табыстады да көліктегі өзгелерді іздей бастады. Автокөлік аударылғанда терезесінен ұшып кеткен болуы керек, екі адамның өлі денесі табылды. Бұл жан –жағына алаңдап, не істерін білмей абыржып, абдырап тұрғанда тағы бір адамды бірнеше жолаушы көтеріп бара жатқанын аңдады. Ол машина жанында отырған бағана «көлікте адам бар» деген сөзді айтқан жолаушы болар деп жорамалдады.

Сәлден соң Ерболат ажалдан құтқарған әйел мен тірі қалған екінші адамға жолаушылар арасынан кездейсоқ кездескен мейіркештер қолма-қол алғашқы медициналық көмекті көрсетіп жатты.

Жол апаты Қармақшы аудандық ішкі істер бөліміне хабарланды. Жедел медициналық автокөлікпен дәрігерлерде келіп жетті. Апатқа ұшырағандарға көмек көрсетіліп, Қармақшыдағы ауруханаға жөнелтілді. Полиция тергеу амалдарына кірісті.



Ерболат көлікке қайта отырып, Қазалыға аман-есен жетті. Әрине көзімен көрген болған оқиға, адамдар тағдыры оны біраз толқытты. Көпке дейін ұйқысы қашып, тағдыр тауқыметін көрген жандар туралы ойлаумен болды. Әйтседе ол бұл оқиға туралы өзгелерге дабыра қылған жоқ. Отбасымен жақын-жуықтары арасында ғана әңгіме болды. Сонымен бұл оқиға Ерболаттың санасынан көмескілене бастады.

Қайырымды, біреуге қамқор қолын созуға ынталы, қағілез, елгезек жігіт Ерболат өзі ажалдан құтқарған әйел мен оның жақындарының аты-жөндерін білгенде жоқ. Кейін белгілі болғанындай жас жігіт ажалдан құтқарған Ләйлә Рақышқызы Мамитанова Арал ауданының перзенті, белгілі кәсіпкер екен. Жұбайы Құдайберді Әбжәмиұлы екеуі «ЖК Мамитанова» серіктестігін құрып, жолаушылар тасымалдау ісімен айналысқан. Талаптары өрлеген. Арал қаласының орталығынан жаңа автобекет ашып, ауданның елді мекенін жолаушылар қатынасымен қамтамасыз етеді. Қазір облыс көлеміндегі жолаушыларға қалтқысыз қызмет көрсетуде. Автобустары облыс орталығынан Арал, Қазалыға, Қызылорда-Ақтөбе, Қызылорда –Сарыағаш, Қызылорда-Алматы, тағы басқа бағыттарға қатынайды.

Апат айтып келмейді деген рас –ау. Исаевтар отбасы 2018 жылдың қазан айында Қызылордадан Қазалыға

іс-сапармен келе жатқанда жоғарыда айтқанымыздай жол апатына ұшырайды. Қайғылы жағдай отағасы Құдайберді өмірден озады. Ләйләның өзі жарақат салдарынан Алматы қаласында бірнеше ай емделіп, денсаулығын түзейді. Өз-өзіне келген соң өзін ажалдан құтқарған жас жігітті іздейді. Апалық алғысын айтуды парызы санайды. Одан арғы жағдай былай өрбиді.

2019 жылдың мамыр айында Ерболаттың қалта телефонына бейтаныс әйел қоңырау шалады.

-Айналайын, Ерболатпысың, жаным, -деді бейтаныс жан толқи сөйлеп.

-Сәлеметсіз апа, иә, мен Ерболатпын. Сізді тани алмай тұрмын. Есіміңізді...дейді ақкөңіл бозбала абдырап.

-Иә, мені танымайсыз. Мен, Ләйлә деген апайыңмын, айналайын. Өткен жылы автожолдағы апат кезінде өзің ажалдан құтқарып қалған апайыңмын. Сондағы алған жарақат пен соққыдан енді-енді ғана айығып келемін. Сені іздеп таба алмай жүр едім. Рахмет, саған балам. Алғысым шексіз. Саған жолыққым келеді. Кездесейікші біз. Сонда кеңірек әңгімелесерміз.

Ерболат апайының шақырғанын құпия ұстады. Ол жөнінде ешкімге сыр ашпады. Тек, Қызылорда қаласында тұратын әкесінің інісінің баласы, немере ағасы Бақытжанмен ақылдасып, кездесуге бірге баруға келісті.

Бозбала жігіт Қызылордаға

қызмет сапарымен барғанда Бақытжан ағасын ертіп барып Ләйла Мамитанова апайына арнайы барып жолықты. Кәсіпкер ана сымбатты да сұлу, әдепті, сыпайы жігітті ұнатып қалса керек. Өзін ажалдан құтқарған бозбалаға шынайы көңілден шыққан алғысын айтып, бүгіннен бастап арадағы қарым-қатынасымыз үзілмесін деген ниетті ақ пейілімен жеткізді. Сый-сияпатын көрсетті. Соның айғағындай кейін Ләйла апасы Ерболатты күйеуінің жылдық асына шақырды. Жаста болса қадірлі қонағындай сыйлады. Қайтар кезінде «Ерболатжан балам, мынау ағаңның көзі тірісінде мініп жүрген көлігі еді, енді көзіндей көріп сен мін», -деп көліктің руліне отырғызып, шығарып салды.

Көлік мініп келгенде әкесі Қожабай мен анасы Зияш таң-тамаша болады. Бауырлары көлігіне құтты болсын айтып жамырасады. Ерболат ата-анасына Ләйла апасымен бұрын кездескендерін, оны бүгіп қалғанын айтып кешірім сұрады. Ал, ұл-қыз өсіріп көпті көрген ерлі-зайыптылар осы бір риясыз ықыластың астарынан өзгеше бір сыр аңдағандай, оның нақтылығына көз жеткізе алмай дағдарып, жұмбақтың шешімін таппай ой сорабына бой алдырған-ды. Ақыры ата-ана Ерболаттың Ләйла апасын үйге шақырып, қонақасы беруді жөн деп тапты.

Ләйла Мамитанова барынша ақжарқын, кесек мінезді, сөзді еш бүкпесіз айтатын жан екен. Қонақасыға дос қызын ертіп келген. Дастархан үстінде өздерінің өмірі жайлы хабардар етті. Қайтарында сізде ұл, бізде қыз бар дегендей құда болуға қалай қарайтынын аңдатып өтті. Тура сөзге қапелімде сөз қайтаруға аңдысын аңдығандай болып қашанда сабырмен сөз сөйлеп дағдыланған Қожабай «оны балалар ойласып шешеді ғой, біз одан қашпаспыз», -деп келіскендей сыңай танытты.

Тағдыр табыстырған сымбаты бозбала жігіт Ерболат пен сүйкімді бойжеткен Таңшолпан жүрекпен ұғысып, ата-аналарының келісімімен жұп болып өмір сүруге келісті. 2020 жылы жас жұбайлар ұлан-асыр той жасап, үлкендердің ақ батасын алып, отау құрды. Қазір жас отбасы, ерлі-зайыптыларды қуанышқа кенелтіп, сүп-сүйкімді бүлдіршін қыз өсіп келеді.

Ал, біздің кейіпкеріміз Ерболат Қожабайұлы Қызылорда қаласындағы жолаушылар тасымалдаумен айналысатын «БАУТЛ- и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры болып қызмет атқарады.

**Раушанбек СЕЙТЕНОВ,**  
«Тұран-Қазалы»

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ

Еліміздің мектептерінде соңғы жылдары ұлттық рухани құндылықтар негізінде жаңаша оқытуды ұйымдастыру қолға алынып, іске асырылуда. Білім беру ұйымдары әлемдік қауымдастыққа қосылу үшін білім беру жүйесін жаңғыртуды қолға алды. Мектепте ұлттық құндылықтарға негіздеп, оқу-тәрбие процесінде оқушы бойына қазақ халқының ұлттық құндылықтарын меңгеруге басым назар аударылуда. Осындай бағыттағы мектептердің бірі – Қазалы қаласындағы Қалжан Нұрмаханов атындағы №95 орта мектебі.

Тәуелсіздікпен құрдас мектеп 1991 жылдың 1 қыркүйегінде ашылып, қазалылық әдебиет сыншысы, драматург Қалжан Нұрмахановтың есімі берілді.

52 мұғалім қызмет атқаратын 322 оқушысы бар шағын мектептің 20 оқу кабинеті, акт залы, үлкен және кіші спорт залы, мұражайы, асханасы, 2 мультимедиялық кабинеті және «Еркетай» шағын орталығы бар. 322 оқушыға сабақ беретін педагогтардың 7-еуі «Зерттеуші-педагог», 17-сі «педагог-сарапшы», 16-сы «Педагог-модератор».

Педагогикалық ұжымның соңғы жылдарда ауыз толтырып айтарлық жетістіктері мол.

Сондықтан еңбек ұжымының жұмысымен танысу үшін қарашаныраққа қарай беттедім.

Мені мектеп директоры Маханбетов Оңталап Төлегенұлы жылы қарсы алып, білім саласындағы жаңалықтар мен өзекті мәселелер туралы әңгімелесіп, пікір алыстық.

Мектепте Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында (2021-2022 оқу жылында) Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілі кабинеті ашылып, «Ахмет педагогикасы - ұлттық педагогика құндылықтарының қайнар бастауы» тақырыбында серіктес мектеп директорлары лигасымен аудандық семинары өткен. Ұлы Ыбырай, Абайдан бастау алған қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасы жан-жақты ашылған семинарда мектеп театры өнерпаздарының «Ахмет және Алаш арыстарының тағдыры» сахналық қойылымы, «Шебер қолдар», «Қылқалам», «Қолөнер» үйірмелерінің шығармашылық көрмесі, Ахметтің аудармаларынан «Сахна сыры» драма, «Домбыра-дастан» домбырашылар, «Шашу» би үйірмелерінің таныстырылымдары көрсетілді. «Ахмет педагогикасы-оқу әдістемелік зертханамызда», «Ахмет әдістемесі-сабақ үдерісінде», «Шешендер додасы» бөлімдері бойынша ғылыми конференция, үздік педагогикалық ұсыныстар алаңы, шебер сынып, ашық сабақ, дебат, ток-шоу сынды түрлі форматтағы жұмыстары аудан мектептерінен қатысып отырған пән мұғалімдерінің шығармашылықпен айналысуына мотивация берді.

Ал 2022-2023 оқу жылында Ы.Алтынсарин атындағы бастауыш сынып кабинеті, Шоқан Уәлиханов атындағы география

кабинеті, Әлихан Бөкейханұлы атындағы тарих кабинеті жабдықталған. Әр кабинетте көрнекі стендтер бар. Қай кабинетке кірсең, сол кабинеттің мақсаты мен мазмұнымен толық танысып шығасың.

«Ахмет педагогикасы – ұлттық педагогика құндылықтарының қайнар бастауы» жобасында жұмыс істейтін орта мектептің оқу-тәрбие процесі ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу арқылы оқыту ғана емес, оқушыларды ғылымға баулуда ауданымызда көшбастап тұрған білім ордасы.

ҰБТ-ға мектеп бітіруші түлектерін түгел қатыстырып, түлектері мемлекеттік білім гранты иегері атанып жүрген оқу ордасы.

«Зерде» республикалық зерттеу жобалар конкурсының аудандық кезеңіне ауданның 2-7 сынып оқушылары 12 бағыт бойынша қатысып, Қалжан мектебінен 9 оқушы облысқа жолдама алды. Ал облыстық кезеңінің қортындысымен 4 сынып оқушысы А.Байзақ (жетекшісі - информатика пәнінің мұғалімі Қ.Баймаханов), «Биология» секциясы бойынша қатысқан 7 сынып оқушысы Г.Амангелді (жетекшісі - география пәнінің мұғалімі Н.Сәдуақас) екінші орынға ие болып мектебінің мерейін үстем етті.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша «Дарын» ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінде мектеп оқушылары жүлделі орындарға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды. Байқаудың облыстық кезеңінде бабы мен бағы қатар шауып, «Орыс әдебиеті» секциясы бойынша «Перевоческая деятельность казахских поэтов и писателей» тақырыбындағы жұмысымен 10 сынып оқушысы Ж.Ақтан (жетекшісі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж.Алмаева) екінші орынды, «Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы» секциясы бойынша «Кептірілген көкөністерден цукат өнімдері» тақырыбындағы жұмысымен 11 сынып оқушысы А.Панабек үшінші орынды (жетекшісі - мектеп психологі Д.Аққоянова), «Биология» секциясы бойынша «Қой жүнінен таза табиғи тыңайтқыш өндіру» тақырыбындағы жұмысымен 10 сынып оқушысы Д.Талғатқызы үшінші орынды (жетекшісі - география пәнінің мұғалімі Н.Сәдуақас) иеленді. «Тарих» секциясы бойынша «Тапа қонысынан табылған қола дәуіріндегі тас жебелерінің ерекшелігі» тақырыбындағы жұмысымен 10 сынып оқушысы А.Қаржаубайұлы (жетекшісі - тарих пәнінің мұғалімі Е.Аманбай) және «Әдебиет» секциясы бойынша «Тұрағұл Абайұлының әдеби мұрасы және оны Алаш қайраткері ретінде тану» тақырыбындағы жұмысымен 10 сынып оқушысы А.Сейілхан (жетекшісі - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Э.Ержанова), «Тіл білімі» секциясы бойынша «Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі – ұлттық жазу негізі» тақырыбындағы жұмысымен 10 сынып оқушысы А.Сақтаған (жетекшісі - қазақ

тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Әшірбекова) алғыс хатпен марапатталды.

Білім ордасының шәкірттері соңғы үш жылда жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде жеңімпаздар қатарынан көрініп келеді.

Информатика пәнінен 11 сынып оқушысы Р.Сайфулла (жетекшісі Қ.Баймаханов), Ағылшын тілі пәнінен 10 сынып оқушысы А.Қаржаубайұлы (жетекшісі Н.Манатауов) бірінші орынды иеленіп, облысқа жолдама алды. Ал орыс тілі пәнінен 10 сынып оқушысы Ж.Ақтан (жетекшісі Ж.Алмаева) екінші орынды, тарих пәнінен 10 сынып оқушысы А.Сейілхан (жетекшісі Е.Аманбай), 9 сынып оқушысы М.Айшов (жетекшісі Ж.Көпенов) үшінші орынды иеленді. Қазақ тілі пәнінен 10 сынып оқушысы Қ.Кеңес (жетекшісі Л.Дармырза), биология пәнінен 9 сынып оқушысы И.Елемес (жетекшісі Ж.Төлебаева), география пәнінен 11 сынып оқушысы А.Қалымбет (жетекшісі Н.Сәдуақас) Алғыс хатпен марапатталды.

«Қазақстан – менің жарқын болашағым» жалпыұлттық байқауының облыстық кезеңіне қатысқан 10 сынып оқушысы А.Мұрат эссе жазу бойынша Алғыс хатпен марапатталды.

Аудандық медиацияны дамыту бойынша оқушылар арасында өткізілген ғылыми және әлеуметтік жобалар байқауына қатысқан 8 сынып оқушысы Бақытбек Бейбарыс (жетекшісі - тарих пәнінің мұғалімі Ж.Көпенов) «Медиация - бітімгершіліктің бастамасы» тақырыбындағы жұмысымен үшінші орынды иеленді.

Мектепте Қазалы аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің жұмыс жоспарына сәйкес «Қазіргі оқу – тәрбие үдерісіндегі ұлт ағартушыларының педагогикалық идеясы: ізденіс, тәжірибе, нәтиже» тақырыбында аудандық семинар өткізіліп, өзара тәжірибе алмасу семинарында №95, №100, №276, №182 мектептердің іс - тәжірибесі насихатталды.

Қазалы аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік мектеп директорының бейіндік оқыту жұмыс жөніндегі орынбасары-2023» аудандық байқауына қатысқан №95 орта мектеп директорының бейіндік оқыту жұмыстары жөніндегі орынбасары Л.Дәстенова бірінші орынды иеленіп, байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды.

«Театрдың ғажайып әлемі» атты республикалық фестиваль-байқауының аудандық кезеңінде «Драмалық спектакль» номинациясы бойынша мектеп өнерпаздарынан құралған «Сахна сыры» театр ұжымы (жетекшілері орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж.Алмаева мен бастауыш сынып мұғалімі М.Ақбаева) үшінші орынды иеленді.

Қалжан Нұрмахановтың туылған күніне орай Қалжан

мектебінің ұжымы жыл сайын дәстүрлі іс – шараларын өткізуде. Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдық мерейтойына орай «Иесі терең ақыл, парасаттың, ұстазы Абайдан соң адамзаттың», Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлына арналған «Міржақып Дулатұлы - ұлт санасын оятқан ұлы қайраткер» тақырыбындағы онкүндіктер түрлі формада өткізіліп, оқушыларды ұлттық рухи құндылықтарға баулуда.

Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұйымдастыруымен өткізілген «Білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысын жетілдіру» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференциясында мектеп директорының бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары Л.Дәстенова өз іс - тәжірибесімен бөлісіп, баяндамасы жинаққа енді.

«Өрлеу» БАҰО-ның ұйымдастыруымен А.Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған «Ұлтын ұлы биіктерге көтерген тұлға» тақырыбындағы облыстық онлайн буктрейлер байқауына қатысқан қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Э.Ержанова «Ахмет Байтұрсынұлы - әдебиет зерттеушісі», «Ахмет Байтұрсынұлы - мемлекет және қоғам қайраткері» бағыты бойынша география пәні мұғалімі Н.Сәдуақас екінші орынды иеленді.

«Үздік психолог кабинеті-2023» байқауының аудандық кезеңіне қатысқан мектеп психологі Д.Аққоянова үшінші орынды иеленді.

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Үздік педагогикалық идеялар» байқауында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Әшірбекова бірінші орынды иеленіп, облысқа жолдама алды.

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Үздік жыл мұғалімі» аудандық кәсіби байқауына қатысқан информатика пәні мұғалімі Қ.Баймаханов бірінші орынды иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алды. География пәнінен Н.Сәдуақас екінші орынды, музыка пәні мұғалімі Б.Қауымбай үшінші орынды, «Үздік дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі – 2023» байқауында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Ғ.Сағымбаев үшінші орынды иеленді.

Мектеп ұжымы 2023 жылдың қортындысымен Қызылорда облысының білім басқармасы ұйымдастырған жыл үздіктеріне арналған салтанатты мерекелік жиында «Үздік әлеуметтік әріптес» номинациясы бойынша Қызылорда облысының білім басқармасы мен білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының облыстық кәсіподақ ұйымының марапатына ие болды. Мұндай жетістікке қол жеткізуде директордың орынбасарлары Эльмира Ержанова, Жаңабек Көпенов, Ләйла Дәстеновалардың еңбегі зор.

**Шәрбану БАЕКЕЕВА,**  
**Қазалы қаласы**

